

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 2019 жылғы 2 тамыз

«ҚазТрансОйл» АҚ бекітілген тарифтік сметаларды орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындалуы, реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін сақтау және 2019 жылғы 1-1-ші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ 2019 жылғы 31 шілдеде бекітілген тарифтік сметаларды орындау, бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау, реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін сақтау және 2019 жылғы 1-ші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалар алдында қызметтер тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды

Есеп келесі ақпаратты қамтиды:

- Қоғам туралы жалпы мәлімет;
- 2019 жылғы 1-ші жартыжылдыққа Қоғам қызметінің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері (алдын-ала бағалау);
- 2019 жылғы 1-ші жартыжылдыққа бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру;
- 2019 жылғы 1-ші жартыжылдыққа реттеліп көрсетілетін қызметтерге уәкілетті орган бекіткен тарифтік сметаларды баптар бойынша орындау;
- Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларымен жүргізілетін өзара әрекеттесу. Реттеліп көрсетілетін қызметтер ұсыну сапасы. 2019 жылғы 2-ші жартыжылдыққа арналған қызметтер перспективасы.

Есеп «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан» газеттерінде, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ ресми сайтында жарияланған.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Инвесторлармен байланыс қызметі**